

ҒТАХР 17.17.82

Қ.М. Ұғылан¹, Г.К.Кажобаева²

¹«Еңбекшілдер аулының ЖОББМ», Біржан сал ауданы, Ақмола облысы, Қазақстан Республикасы

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ақындардың шығармашылығына сараптама жүргізе отырып, сан түрлі лирика түрлеріне жазылған өлеңдерінің мағыналарын ашып, талдау жасалды. Қазақ халқының дүниетанымында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлердің, қазақ ұғыма сай келетін дүниелердің ақындардың өлеңдерінде берілу көркемдігі дәлелденді. Ақын өлеңдеріндегі дерек пен дәйектілігін, айтылмақ түпті ойдың мағыналылығын, қазіргі жас ақындар үнін танып-білу, әрі ақындардың ұстанған жолы, бағыт-бағдарына, құрылымы мен жанрлық жүйелеріне шеуші өзгерістер келгені айқындалды. Жастар поэзиясын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі ой-тұжырымдары, көзқарастары зерделенді. Қазіргі жастар поэзиясындағы тақырыптық-идеялық көркемдік ізденістер көрсетілді.

Кілт сөздер: жастар поэзиясы, қазақ әдебиетінің тәуелсіздік дәуірі, жаңашылдық, ақындық «мен», кейіптеу тәсілі

КІРІСПЕ

Еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық әдеби өмір шежіресінде жаңа тарихи кезеңнің бастау алуына себеп болды. Қазіргі қазақ әдебиеті – көркем мазмұн мен пішін тұрғысында да, идеялық-концептуалдық тұрғыда да жаңарған, толысқан әдебиет. Ұлттық рухтың жаңғыруы әдеби әлемде игі өзгерістер мен құбылыстарға жол ашты. Егемендіктің жариялануы бұрынғы саяси идеологияның салдарынан бұрмаланған ұлт тарихын қайта зерделеуге, тарихтағы және жалпы руханияттағы (дін, тіл, мәдениет, әдебиет) ақтаңдақтардың орнын толтыруға мүмкіндік берді. Ұлттық әдебиеттің саясат құрсауынан босап, әлемдік әдеби кеңістікпен ықпалдастығы артуынан көркемдік даму арналарында әлемдік мегаүрдістердің әсер-ықпалы айқын аңғарыла бастады. Қазіргі таңда ұлттық сөз өнерінде дәстүрлі реализммен бірге өзге де модернистік, постмодернистік ағымдар мен құбылыстар қатар өмір сүре бастады. Бұл тұста заманауи әдебиеттің тақырыптық аясы айтарлықтай кеңейіп, поэзиядағы аға буын ақындардың тұсынан басталған өлең мәйегінің майлы бояуы көрініс беріп, өз арнасын қалыптастырған болса, бүгінгі жас ақындардың бағыты мен өзіндік қолтаңбасын қалыптастыруға арқау болып жүрген, бүгінгі қоғамның әлеуметтік проблемалары, жаңа заманның ұлттық тыныс-тіршілігі алып келген жағымды-жағымсыз жаңалықтары және өзге сан салалы рухани-мәдени мәселелер қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті тақырыптарына айналды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Поэзия дегеніміз – ұлы әлем, тылсым күш. Лирика жанры – аты белгісіз ықылым замандардан бері қазақпен бірге жасасқан фольклорлық мұралардың мирасты рухани дүниесінің бірі ретінде ауызекі әдебиеттің көшіне ілесе жүріп, жазба әдебиет дәуіріне жетті яки өз дамуында тарих талайын бастан кешіп келеді [1, 3]. Қазақ лирикасы жанр, тек тұрғысынан өз қызметін қалай атқарса, оның сан алуан сырға тұнған табиғаты да

соншалықты зерттеу көзіне ілініп отырды. Бірнеше ғасырдың қойнауына енген қазақ лирикасының ұлттық көркем өнеріміздің, оның ішінде әдебиетіміздің (ауызша және жазбаша) әсем де көрікті, белгілі бір жанры қызметін өзінің ұлттық болмысына, халықтық, бұқаралық бітіміне сай адал атқарып отырғаны да анық.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым М.Базарбаев: «Шынын айтсақ, қазақ жері поэзияның туы тігілген жер. Атам заманнан бастап қазақ құлағы өлеңге, сырлы, сұлу сөзге үйренген» [2, 8], – деген тұжырымы өте орынды айтылған. Осы сырлы да, сұлу сөз өнері, қазақтың қара өлеңі Алаш жұртымен бірге ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық дамып, өркендеп келеді. ХУ–ХІХ ғасырларда өмір сүрген Шал ақын, Шалкиіз, Үмбетей жыраудың, беріде ұлы Абай, Махамбет, Мағжан сынды ақындардың озық поэзиялары қазақ лирикасын, оның ішінде қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлерін және сол кезеңдердегі қоғамдық-әлеуметтік сан алуан проблемаларын айқын танытады. Лириканың өміршең жанр екенін өткен ғасыр ақындарының өлеңдері де дәлелдей түседі. Көрнекті ақын әрі ғалым Ә.Тәжібаев: «Лирика негізі халық өлеңдерінде, әсіресе, сал-сері атанған: Ақан, Біржан, Жаяу Мұса, Ыбырай, Әсеттерде жатыр» [3, 265], – деп атап көрсетеді.

Поэзия – адам көңілінің буырқанған, бусанған, рухтанған, қайрат шақырған, сәулеленген, өмірлік мұраттарға ұмтылдырған сәттерінің көркем бейнесі. Бұдан шығатыны, поэзия қоғамнан, онда болып жатқан түрлі құбылыстардан тыс тұра алмайды, одан бөлініп жеке дара өмір сүре алмайды. Бұлардың бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Басқа да өнер туындылары сияқты поэзияның дамуы да қоғамдық ой-сананың дамуына бөлек, тыс тұра алмайды. Тіпті, поэзияны тану, түсіну, түйсіну, қабылдаудың өзі қоғамдық, идеологиялық жағдайға барынша тәуелді. Белгілі бір өнер туындысы туралы сөз болғанда, ең алдымен осы мәселе әрқашан назарда ұсталуы керек.

Ғалым М. Базарбаев: «Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп дамуы, қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образбен танып баяндау, өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып, жақсарып келе жатқан құбылыс» [1, 6], – деп айтқан. Шынында да, қазақ лирикасы ғасырдан ғасырға тоқтаусыз жалғасып келе жатқан тарихи процесс. Әлі де ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берері даусыз.

Көптеген сын-зерттеулердің авторы Сағат Әшімбаев «Өлең – сөздің патшасы» атты мақаласында: «Өлең әдебиеттің көне жанры ғана емес, көлденең көк атты кимелей алмайтын көш бастаушы көсем жанры. Мәселен, прза әдебиеттің еркін түрі әрі етек-жеңі кең формасы болса, өлең қиюы бөлек қиын саласы» [4, 164] – деп аталған жанрға әділ бағасын береді.

Қазақ поэзиясының бастау бұлағы, қайнар көзі Абай, Ыбырайлардан бастау алады. Басталған бұлақты жалғап ағатын келесі толқыны Мағжан, Сәкен, Жүсіпбек, Ілияс, Сұлтанмахмұт, Міржақып т.б. ақындарымыз жыр бұлақтың ағыны күшті сағасы еді. Тоқтаусыз аққан ағынды су аққан сайын таси түсті. Келесі кезекте асау толқынға келіп М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов, Қ. Мырзалиев, Ф. Оңғарсынова, Т. Айбергенов т.б. ақындар легі қосылды [5]. Содан соң, тәуелсіз елде поэзия толқынын жалғап, Б. Қарағызұлы, Қ. Сарин, М. Қарт, А. Темірбай, Қуаныш Оспан, Мақпал Мыса т.б. ақындарымыз қосылды. Сөйтіп, қазақтың дәстүрлі поэзиясы әдебиет айдынында қалықтай түсті. Заман ілгерілеген сайын, одан әрі толыға түсе беретін поэзия – еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де, айтарлықтай дами бастады.

Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік дәуірі – өзінің даму арнасымен, бағытымен ерекшеленетін, өз дәуіріне сай үні бар қаламгерлерді тудырған дәуір. Бұл дәуір әдебиеті азаттық таңының шуағына шомылып, тәуелсіздік деген ұғымның асқар биігіне шыққан бейнесін сомдайтын туындылар толқынының бейбіт шеруі іспеттес. Қаламгерлер шығармашылығы тек өз дәуірінің емес, өзіне дейінгі дәуір әдебиетімен сусындап, жаңа дәуірге сай шығарма жазып, қазақ әдебиетінің алтын қазынасын толықтыра түскені байқалады.

Қазіргі қазақ әдебиеті – көркем мазмұн мен пішін тұрғысында да, идеялық-концептуалдық тұрғыда да жаңарған, толысқан әдебиет. Ұлттық рухтың жаңғыруы әдеби әлемде игі өзгерістер мен құбылыстарға жол ашты. Аталған уақытта ұлттық сананың оянуына байланысты әдебиетіміз рухани жағынан қайта түлеп, мәдениетіміз жаңа сапада байып, көптеген поэзиялық шығармаларда кеңес дәуірінде пайда болған рухани құндылықтар теріске шығарылып, қоғамда болып жатқан әлеуметтік дағдарыстар көркем жинақталып, жаңаша сипатта суреттеле бастады. Дін бостандығы, тіл бостандығы, жеке адамның өзін барлық жағынан еркін сезінуі ақын-жазушылар шығармаларында нақты көрініс тауып жатты. Шығармашылық үдерісте қоғам мен жеке адам арасындағы қарым-қатынасты қайта саралау, адамзат тарихындағы жеке адамның рөлін көркем шығармалардағы тартыс сипатында, көркем образдар жүйесінде айқын бейнелеу, жеке авторлық идеяны субъективті мақсатта батыл қорғау ерекше қарқынмен дами бастады. Бұл үдеріс, әсіресе, поэзия жанрындағы адам мен қоғам, оның қоршаған ортамен байланысы мәселесін арқау еткен философиялық шығармаларда жиі көрініс беріп отырды [6, 11-12].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 25-30 жылдарда қазақ поэзиясы тың туындылармен, жаңа толқын жастармен толықты. Азаттықтың алғашқы жылдарында бұл жанрда аздаған тоқыраушылық, алаңдаушылық дағдарыстың көрінісі байқалғанымен, соңғы он жылда қазақ поэзиясы өзінің қанатты пырағына қайта мінді деуге болады.

Қазақ поэзиясының даму барысы, еркін ой мен сана бостандығына әсері, көркемдік қуаты, стильдік ерекшеліктері мен жаңашылдық бағыттары туралы айтқанда, қазіргі поэзиялық шығармалардың даму барысын төмендегіше жіктеуге болатын сияқты: 1) поэзиялық шығармалардағы көне түркілік сарын; 2) лирикадағы жыраулық дәстүр; 3) поэзиялық шығармалардағы фольклорлық желілер; 4) қазақ поэзиясындағы жаңашылдық [1].

Ақындық жолда жүріп жетілген, өлеңді техникалық жағынан шебер меңгерген, талантты, дарынды сөз зергерлерінің қаулай бой түзеп келе жатқаны расында да көңілге қуаныш ұялатады. Олардың қатарында Алмас Темірбайды, Бауыржан Қарағызұлын, Қалқаман Саринді, Мерей Қартты, Мақпал Мысаны, Қуаныш Оспанды т.б. атап өту лайық. Бұл ақындардың көбі ақындық өнерге еліміз тәуелсіздік алған соң келген талант иелері. Оларда басқаға жалтақтау, кейбір айтылуы тиіс ойды оспақтап жеткізу, не болмаса айналып өту деген түсініктер кездеспейді. Олардың да тақырып ерекшеліктері әр алуан. Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқандай сезіледі. Олардың өлеңдерін талдау барысында, көркімдік ізденістеріне, даму бағытына, өлеңнің түрленуі, сөз талғампаздығы, бейнелілік, автордың теңеулері, ақын жеке «меніне» сұрақ қоя білуі, сол арқылы қоғамдағы психологиялық қайшылықтарды ақтара алуы талданатын болады.

Қуаныш Оспан Ерғалиұлының «Аспандағы астра» жинағынан бүгінгі қала қазағының далаға деген шексіз сағынышы мен махаббатын, сондай-ақ, аспандағы жұлдыздан өлең өрген жас ақынның шынайы жүрек бұлқынысы мен сезім құштарлығын аңғарамыз. Жинақта өлеңдермен қатар Хан Абылай заманында өткен қазақтың хас батыры – Ер Жәпектің өмірінен сыр шертетін «Жәпек батыр» тарихи дастаны қоса ұсынылып отыр.

Дала - шеше, Дала - әке, Дала – Құдай,

Сол құштарлық, сол сезім баяғыдай.

Жүректің түпкірінде ескі өлеңім,

Безілдейді көңілдің шанағы ұдай! [7, 18]

Ақынның «Дала» өлеңіндегі «Дала-шеше, Дала-әке, Дала-Құдай» тармағында құбылтудың түрі – метафораның орын алғанын көреміз. Қуаныш Оспанның далаға деген махаббатын астарлап, айқындап көрсеткенін оны аяулы да құшағын кең жаятын шешесіне, асқар таудай әкесіне, Әлем Жаратушысы, Құдайға деген шексіз махаббатымен іспеттес.

Саған деген өлеңім – құлшылығым,

Сенде менің бүр жарған тіршілігім.

Туған жерім, өзіңе кіндік кескен,

Жетсем болды жоғалар күрсінуім [7, 18] – дейді. Мұны расында да лирикалық қаһарманның шынайы психологиялық бейнесі, ақынның тапқырлығы деуімізге болады. Осы шумақтан ақынның далаға, туған жерге деген махаббаты сезіліп-ақ тұр. Адам баласында болатын «күрсіну» - даласымен қауышқанда жоғалып, даласы көңіліне демеу болып жан дүниесін тыныштанатындай.

...Сағынғанда Даламды уайым мың,
(Есіне алып жүр жиі Құдайын кім?)

Көзімді ілсем болғаны түсімде де,

Тыңдап жатам әлдиін Құдайымның! [7, 18-19] – деген шумақтан ақынның асқан шеберлігі мен жинақылығын байқаймыз. Себебі, жоғарыда автордың «Дала – шеше, Дала – әке, Дала - Құдай» деген тармағындағы «Дала – Құдай» деп метафора әдісін қолдану арқылы, осы шумақтан өз даласын сағынған автордан бөлек, «туған жерін, даласын есіне алатындар, Құдайында ұмытпасын» деген үлкен философиялық ауыр ой жатқан секілді. Сондай-ақ өлеңде кездесетін «Жарқанат-Ібіліс», «Жәбірейіл-Бозторғай» атты сөздерде осы өлеңнің мағынасын одан әрі толық аша түскендей. Адамның өз әке-шешесіне, Құдайына деген махаббаты қандай ерекше болса, далаға деген махаббаты дәл сол іспеттес болуы керек дегісі келген ақын.

Қазіргі таңда қалың көпшіліктің көңілінен шығып жүрген, талантты ақындарымыздың бірі – Қалқаман Сариннің «Дала» атты рухты өлеңі оқырманға, өзгеше бір көңіл-күй сыйлары анық. Өлеңде ақын дала төсінен шабыттанып, өткен бабаларына алғысын, қазақ халқы үшін ең баға жетпес байлықтарын ұмытпайды:

Керме иық далам, келем көсіліп,

Аяғым асты көк шалғын.

Төсіңнен текті өлең көшіріп,

Батыр бабамды еске алдым [8].

Мұнда лирикалық кейіпкердің бейнесі, талғампаздығы байқалады. Кейіпкердің дарқан далада көсіліп, дала «төсі» тұнып тұрған рухани байлық екенін сезініп, қасиетті жерді мекен еткен ата-бабаларыны есіне алып, «текті» ұғымы арқылы, қазақ халқы тектілердің ұрпағы екендігін білдіріп, әрі сол тектілікті жоғалтқысы келмейтіндей келесі шумақта баяндалады. Қазақ халқының ерекше бағаланатын дүниелерін жырға қосып, атап айтқанда, «домбыра», «қобыз», «жусан иісі» ұғымдары өлеңнен қазақилықтың иісін аңқытады.

Домбыра далам, тоғыз пернелім!

Шанағы шерлі мұң сіңген.

Қоңыр төбелі қобыз кеуделім,

Момын молалар күнсінген [8] – деген шумақтан автордың «шерлі мұң сіңген» деген астарлы тіркес арқылы ауыр ойды бейнелейді, яғни домбыраның «мұң» төгіп шертілетіні жайлы айтылып тұр. Қобыздың зарлы үні де ойнаған кезде, молалардың күринуі де жай дүние емес. Сонда домбыра мен қобыздан ата-бабаларымызға деген сағыныш сазы ағылып тұрғандай.

Далиған мынау далада жүрміз,

Дара нұр төгіп қыр таңы.

Соры бес елі Бабалардың – Біз

Бағы батпандай ұрпағы![8] – деп өлеңін аяқтай келе, бұрын қаншама қиыншылықтың болсада, осындай кең байтақ жерді сақтап қалған, елі үшін жанын берген ата-балалардың біз мына бақытты ұрпағымыз деп, даланың өз «қадірін» астарлап жеткізіп тұрғандай. Қуаныш пен Қалқаман ақындардың тақырыптарына арқау болған «Дала» атты өлеңдерінде өзіндік бір ерекшеліктері бар. Қуаныш Оспан туған жерінен «Жұмақтың иісін» сезсе, Қалқаман Сарин әр жел тұрса жусан иісін сезгендей болады.

Әр ақынның табиғат тақырыбындағы өлеңдерінде бірде жүдеу, күйіну, сағыну, бірде көтеріңкі көңіл-күй, шаттану, т.б. сезімдері, шын толғаныстары, азаматтық үні, ұлттық рухы өрілген.

Қуаныш ақынның өзіндік бағыты, идеясы мен жаңашылдығына, көркемдегіш құралдарына, тілдік айшықтауларына азаматтық үніне өлеңдерін талдау арқылы толталсақ. «Идиллия» атты экспрессивтік-эмоционалды өлең оқырманның да жанын баурап, эмоцияға берілетіндігі байқалады. Біздің байқауымызша, ақынның бұл өлеңінде алғашқы шумағындағы :

Шай ішсе, жазылған әжімі,
Табиғат апамдай бусанып.
Қарайған қыраттар, кәнігі,
Қараған атамдай күн салып.

О, менің,көктемім, жып-жылы! [7, 22] – дегендегі гүлденетін көктем табиғатын апасының болмысына теңегендігін, даладағы қыраттарды атасына теңеп отырғаны аңғарылады. Яғни, теңеуді тек осы бастапқы шумақта қолданылып, келесі өлең тармақтарында эмоционалды-экспрессивті лексиканы, яғни әр жыл мезгілінің өзіндік ерекшелігін таныта түсетіндей күшейтпелі шырай тұлғасымен сезімімен бөлісуде:

Таңдағы бозторғай үніне,
Ұялшақ самал жел билеген.
Көбелек сыр айтса гүліне,
Үркітіп алудан именем.

О, менің, жазым –ай, мөп-мөлдір! [7, 22] – өлең жолдарының ішіндегі жайдарлы жаздың көрінісі талассыз көрінеді. Айшықтап тұрған кейіптеу тәсілі өлеңге ерекше үн қосып, әдемі суреттейді. Самалдың ұялшақтығы, көбелектік сырласуы ақынның шығармашылығын нәзіктігімен толтыруда.

Өлең соңында ақынның ауылына деген сағынышы, махаббат сезімі оқырманға жылы лебіз сыйлайды. Қуаныш Оспанның ауылын көркемсөз ретінде суреттеуі соншалықты, идиллиясының тәтті де, ащы да екендігін күшейту мәнінде жұмсаған:

О, менің, Ауылым,
О, менің, тәп-тәтті идиллиям!
...ап–ащы идиллиям! [7, 23].

Яғни ақынның сағынышы қаншалықты тәтті болса да, соншалықты ащы болып, жүрегіне жара салатындай көрінеді.

Сондай-ақ, ақынның «Не деген адамсыңдар» өлеңі бүгінгі қоғамды ап-айқын бейнелеп, оқырманға қоғамда, елде болып жатқан мәселелерді еріксіз ойға оралтады. Өлеңде автор елдің «қалаулы» адамдарына деген аушын, өкпе-назын көруге болады. Демек, ақын қоғамдағы саяси-ахуалдарға да айтары бар екендігін, «қалаулы» адамдардың қарапайым халықтың арқасында жүргендігін, өз тілінде сөйлемейтіндерді мына өлең жолдарынан көруге болады.

Біз сендерді қаламасақ та, қалаулысыңдар,
Қоясыңдар қашан бұл елді талауды, сұмдар?!
Сайланарда қара халыққа жалпақтайсыңдар,
Сайланған соң, қалай кердендеп шалқақтайсыңдар?!
Сендер неге өз жерлеріңді жерсінбейсіңдер?!

Сендер неге өз тілдеріңді менсінбейсіңдер?! [7, 116] – осы өлең жолдарда айшықталып тұрған «қалаулы» және «сұм» сөздері арқылы шендестіруді байқаймыз. Қазақ ұғымындағы «сұм» сөзі қиындық мағынасын береді. Сол жоғарыдағыларға «сұм» деп айтуы, ақынның жанының психологиялық бейнесінің шынайы көрінісі, халқына деген жанашырлығы, халық атынан еркін сөйлеу алуын байқаймыз.

Өлең соңында ақын көңілің мұз басқан, баяғы жартас сол жартас болуды қаламайтындай:

Қалаулылар, елдің қалауын бере алмайсыңдар,

Онда неге «демалмайсыңдар?!» [7, 117] – деп ақын өзінің азаматтық үні көрінгендей әсер қалдырады. Осындағы «демалмайсыңдар» деген астарлы сөзде үлкен мағына жатыр, бұл

жерден ақынның жинақылығын, тапқырлығын көре аламыз, әрі ақын ерекшелігінің бірі ретінде – аз сөзбен астарлы мағына бере алауында деп танымыз.

«Такси» атты диалог үлгісіндегі өлеңі оқырмағанға өзгеше көңіл-күй сыйлап, ерекше сезімге бөлейтінімен қоса, ақынның өткенге деген сағынышын байқауға болады.

- Ақшаң болса, апарамын қайда да, -

Деп такси шал жымияды куақы.

- Қолыңыздан келмейді, - деп жай ғана,

Жымиямын, ал, апарсаң, міне, ақы! [7, 45] – деп басталатын бұл өлең оқырманды ары қарай қандай не болады екен деп қызықтыратыны анық. Таксист шалдың күйбең тіршілікпен, күнделікті өзінің ісімен айналысатындығы суреттелсе, автордың өткен шаққа, бақытты күндеріне оралғысы келетінін, ол кездердің барлығы тәтті арман болып қала беретіндігі баяндалады.

... Такси шалым жүре қолын сермейді,

«Мекен-жайы болмайды», – деп Бақыттың.

Айттым ғой мен, қолыңыздан келмейді,

Машинасы керек маған Уақыттың! [7, 45] – деген өлеңнің соңғы шумағында ақын өзіне «уақыт машинасы» керек екендігін, бақытты сәттеріне қайта оралғысы келетіндігін, өзін сүйген жанның сөздерін қайта естігісі келгендей оралмас шаққа барғысы келгенін айтады. Бірақ, ол күндерді тәтті естеліктер болып қалғанын өзі де түсінгендей, оқырманға ой тастап, уақытты қадірлендер, әр сәтті бағалаңдар, өкінбейтіндей өмір сүріндер дейтін секілді. Әрі бұл өлеңдегі «таксист» мен «ақынның өткен өміріне деген сағынышын» өзара шендестіруі ақынның тапқырлығы мен шеберлігін көрсетеді.

Арқаның кербез сұлуы «Көкшетау» өлеңінде ақын өзінің туған жеріне деген махаббатын, бойындағы өнерлерімен халықтың мәңгі жүрегінен орын алған Біржан сал, Ақан серілердің әндерін сағынғандығы байқалады.

Төсінде өткен мың дүбір,

Өңгіме бүгін мұңды бір.

Біржан, Ақанның әндері,

Көзінде жас боп тұнды кіл [7, 90] – деген өлең жолдарында кейіптеу арқылы Көкшеге жан бітіргенін байқаймыз. Одан әрі Балуан Шолақтың, Үкілі Ыбырайдың, Еркеш Ибраһим мен Ерік Асқаровтың, Сәкен мен Көкен ақындармен бірге болған Көкшетаудың өзін сал-серіге теңеуінің өзі бір керемет емес пе?!

Мүмкін бе, бірақ, жыламау?

Кешегі күнің мұнар-ау.

Орманыңды да сиреткен,

Жаныңның өрті шығар-ау? [7, 90]

Өткен күннің кері айналмасын да ескеріп, сал-серілер салған «орманның» сиреп жатқанынан іштей қынжылатындай күй кештіреді. Өлеңнің соңындағы соңғы шумақтан, Көкшені өнердің «бесігі» деп санап, келмеске кеткен дәуреннің, өз өлеңін қаншама «өртеңге» кезеңдер өтседе, өміршең болатындығына көзі жетіп тұрғандай көрінеді.

Бесігі күллің өнердің,

Дей көрме, бірақ, «көнердім».

Оралар қайта сол дәурен,

Өртеңге өскен Өлеңмін [7, 90] – деп талай түрлі заман болса да, жоғарыда аталған өнері мен өлеңі өлмес тұлғалардай, ақын өз өлеңі де өміршең боларына сенердей, «өртеңге» деген сөзбен-ақ, астарлап жеткізіп тұрғандай.

Ақын Қуаныштың «Ауыл.Күз» деген өлеңі оқырманға ауылдағы күз айының өз ерекшеліктерін әдемі бейнелеп, туған өлкеге деген нағыз махаббаттың ыстық боларын сездіртіп қана қоймай, өлеңнің өзіндік «кереметін» түрлі әдеби айшықтауларды орынды қолдану арқылы көз алдына нағыз ауылды елестетеді.

Жапырақ тамырында қан кідіріп,

Кешегі салтанаттың барлығы ұмыт.

Бақ – тоңғақ, бақша – жұтаң, көңіл – жүдеу,

Шықпайды күй – күмілжіп, ән – құмығып [7, 29] – деген өлең жолдарда ақын метафораны қолданып тұр. Атап айтсақ, «Жапырақ тамырында қан кідіріп» деген тармақта кейіптеу орын алып тұр. Ал, «Бақ – тоңғақ, бақша – жұтаң, көңіл – жүдеу» деген өлең жолында метафораны қолданып тұрғанын байқаймыз. Жалпы қазақ ұғымызда күз мезгілі «көңілсіз, жүдеу» кезді еске түсіретіні анық. Сол көңілсіздік ақын өлеңіне де сіңіп кеткендей.

Ауылым, туған өлкем, атырабым,

Мен үнсіз қасиетіңе бас ұрамын.

...Барады жел ұшырып жол үстімен,

Ағаштың әкем еккен жапырағын...[7, 29] – деген өлеңнің соңғы шумағынан ақынның ата-анасы мен қоса туған ауылын қимай кетіп бара жатқандығы, күз мезгілінің адамның мінезіне ұқсас құбылмалы болатынандай, сарғайған жапырақтарды өз ырқына көндіргенін байқаймыз.

Ақынның «Ауыл суреттері» атты тағы да ауыл тақырыбына арналған өлеңінен, ауылын ерекше әсем суреттегенін, әр шумағын оқыған сайын көз алдына көркем табиғатпен күптелген, болып жатқан құбылыстарына көз тоймас ауыл көз алдыға елесетейтіні анық.

Ауыл жатыр құлаққа ұрған танадай,

Қарапайым қоңыр тірлік жадағай.

Қария-тау тізесіне бас қойып,

«Ертегі айт» деп еркелеген баладай [7, 93] – деп басталатын шумақтан ауылдың бәз-баяғы бітпейтін күйбең тіршілігін сырттай қарап тұрғандай, үнсіздік басқан даладай көргені, таудың балаша еркелегенін нағыз ақын ғана көрері анық болса да, оқырмаған ерекше әсер сыйлайтыны белгілі. Ақынның далаға деген сағыныш әр тармақтан байқауға болады.

Көкжиектен үн еңкейіп барады,

Қыңыр шалдың баса киген бөркіндей [7, 93] – деген соңғы өлең тармақтарынан ауылда бір күнде болып жатқан барлық құбылыстарды, ауыл бейнесін көркемдік тәсілдермен керемет суреттей келе, қыңыр шалдың қисайта киген бөркіндей, күннің көзі өз ұясына қызара қисая батуын теңеуін аса бір ақынның шеберлігі емес пе?!

Келесі бір кезекте «Гүл сатушы» өлеңі, оқырманға ой салуымен қатар, ақынның өзіндік жаңашылдығы, өмірге деген көзқарасы, өз ортасын өзгеше әлемдей көретіндігі байқалады.

Өмір – даңғыл, соқпақтар, бұралаңдар,

Келдің екен, тиісті сыбағанды ал!

Көше көзіп жүреді миллион тағдыр,

Айналады көшеге Ұлы адамдар [7, 94] – деп басталатын бір ғана шумақтың астарына үңілсек, ауыр ой, терең дүние жатқаны мәлім. Ақынның өмірді – даңғыл, соқпақ, бұралаң деп тану түсінікті дүние. Дегенмен, әр ақын тақырыпты арқау еткен дүниені өз әлеміндей өзгеше бейнелейтіні анық. Өмірге келген әрбір жанның өз «сыбағасы» болары, ешкімге ұқсамай, қайталанбастай өмір сүретіні баршамызға аян. Адам баласы өмірден өткен соң, ісіне қарай Ұлы тұлғаларға көше атауын беретіндігі, бұл үрдістің одан әрі жалғасатынын іштей сезетіндей.

Өмір ғой сол, еленбес тірі адамдар,

Бұл сөз үшін, е, мейлі, кінәландар,

Көкшетауда, Әуезов көшесінде,

Қарапайым әрі ұлы бір адам бар. [7, 94] – деген шумақтан, қазіргі қоғам адамды өлгеннен кейін «құрметтейді», тірі адамды ешкім елемейді деген шындыққа, ақынның неге солай деген сұрағы бардай, сол үшін де кінәласандар да өз еркілерін деп тұрғандай. Ақынның өзіндік «меніне» сұрақ қойғанын байқаймыз. Жоғары да аталған ұлы адамның көшесінде тағы да бір ұлы адам бар деп:

Қуаныш пен жақсылық тілегені,

Тұрғындардың көбі оны білер еді.

Гүл сататын ағай – ол, қыста барсаң,

Қолыңа «жаз» ұстатып жібереді! [7, 94] – деген соңғы шумақтан неліктен гүл сатушы ағайдың «ұлы адам» екендігіне жауап алғандаймыз, әрі ақын тақырыбы да ашыла түскендей. Өлеңді өмір деп бастап, соңында құшақ-құшақ мейірімін өзге адамдарға үлестіріп жүрген жанмен аяқталатын өлеңде үлкен бір даналық ой жатыр. Өмір өз дегенін жасайтынына қарамай, ұлы адамның қыста барсаң, «жаз» сыйлайтыны қуантады. Осы жерде әсірелеудің орын алғанын байқаймыз. Ақынның қарапайым гүл сатушы ағайдың гүлдерін, мейірімділікке «зар» болып жүрген жандарға ұсынғысы келетіндей.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақындардың ерекше жырлаған тақырыбы – ауыл тұрмысы мен өмірі. Туған жер сәбидің шыр етіп дүниеге келген, балалық шағын өткерген, есейгенде өмірге, адамға деген көңіл көзін ашқан киелі мекен. Ақынның әр уақыт есінен шықпайтын, сағына еске түсіретін асыл ордасы бұл. Сондықтан да ауыл жайлы, туған жер туралы жырлар сағынышқа толы сезімде жырланады. Ақынның даму бағыты да өлеңдерінен ерекше байқалады. Жинақта жарық көрген өлеңдерінің көбісінде Отанына, махаббатына адал ақынның тынымсыз ізденісін көруге болады. Кейбір өлеңдері жеке ақынның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Ақынның өзіндік стилі, қолтаңбасы қалыптасқан, әр алуан ұйқастар түрлерін орынды қолдануы, кез келген өлеңі оқырманға әсер ететінімен, қоғамдағы болып жатқан жайттарға өз ойын астарлы жеткізуімен қатар, тың тақырыптарды арқау етіп, өзіндік стиліне келтіріп, қиыстырып жазатынымен ерекше.

Қуаныш Оспаннның бірнеше өлеңдерімен қоса, тіпті, бір өлеңін өзге де ақындардың өлеңдерімен салыстыра талданды. Өзге ақындармен салыстыра талдау барысында Қуаныш ақынның кейбір ақындармен өзара үндес келетін тұстарында байқасақ, ал кей тұста ақындардың «Дала» тақырыбын әр қырынан көркемдеп бейнелегенін байқадық. Бұған себеп – ақындардың әр заманда өмір сүруі, қоршаған ортасына тікелей байланысты болуы деп санаймын. Автордың ерекше өлеңдерін талдау барысында, ақынның жан-жақтылығын, өлең тілі оқырмағанға бірден түсінікті болуымен қатар, міндетті түрде астарлап бір ойды айтқысы келетіндігімен, бір шумақтың өзіне көп тың дүниені сыйғызып, көркемдік тәсілдерді орынды қолданатындығы көпшілік оқырманның жүрегіне жетері анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мүтиев З.Ж. Қазақ лирикасының даму сипаты мен зерттелу тарихы (XX-XXI ғ. басы): Монография. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012ж. – 284 б.
- 2 Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
- 3 Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 488 б. Ақан сері. Алматы: ҚМБ, 1963.
- 4 Өшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Астана: Елорда, 2006. – 392 б.
- 5 Аймұхамбетов Ж. Ә., Кокбас Ж. Қазіргі қазақ поэзиясындағы мифтік «қабат» және мифопоэтикалық бейне. // «ПМУ Хабаршысы». Филология сериясы. №4. 2019.
- 6 Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: «Print express», 2017. – 510 б.
- 7 Оспан Қуаныш. Аспандағы астра. – Көкшетау: «Мир печати», ЖҚ Устюгова Н.Ф., – 2018. – 152 б.
- 8 Сарин Дала-Қалқаман – Өлеңдер – Bilim – All <https://bilim-all.kz/olen/4774-Dala>.

Материал 24.03.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Mütiev, Z.J. (2012) *Qazaq lirikasynyñ damu sipaty men zerttelu tarihy (HH-HHI ğ. Basy)* [The nature of the development and history of the study of Kazakh lyric poetry (early 20th–21st centuries)]. Oral: M.Ötemisov atyndaғы BQMU Redaksialyq baspa ortalyғы.
- 2 Bazarbaev, M. (2012) *Öleñ – sözdiñ patşasy, söz sarasy* [Poetry is the king of words, the master of words]. Almaty: Jazuғы.
- 3 Täjibaev, Ä. (1960) *Ömir jäne poezia* [Life and poetry]. Almaty: QMKÄB.
- 4 Äşimbaev, S. (2006) *Eki tomdyq şyğarmalar jinaғы* [Collected works: in 2 vols]. Vol. 1. Astana: Elorda.
- 5 Aimühambetov, J.Ä. and Kokbas, J. (2019) Qazırғы qazaq poeziasyndaғы miftik "qabat" jäne mifopoetikalyq beine [Mythical "layer" and mythopoetic image in modern Kazakh poetry]. *PMU Habarşysy. Filologia seriasy – Bulletin of PSU. Philological Series*. 4.
- 6 Qalijanov, U.Q. et al. (eds.) (2017) *Qazırғы qazaq ädebieti: damu ürdisteri, esimder men oқиғalar* [Modern Kazakh literature: development trends, names, and events]. Almaty: Print express.
- 7 Ospan, Q. (2018) *Aspandaғы astra* [Astra in the sky]. Kökşetau: Mir pechati; JQ Ustügovna.
- 8 Sarin, Q. (2017) *Dala*. Available at: <https://bilim-all.kz/olen/4774-Dala>.

Тематико-идейные художественные поиски в современной молодежной поэзии

Қ.М. Ұғылан¹, Г.К.Кажыбаева¹

¹Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье приведен анализ творчества поэтов, писавших после обретения Независимости, раскрыт смысл их стихов, написанных в различных типах лирики. Раскрыты художественные особенности традиций и обычаев, сложившихся на протяжении тысячелетий, соответствующих казахскому понятию восприятия окружающего мира. Было установлено, что в стихах современных поэтов произошли кардинальные изменения: в повествовательной манере, в направлениях, структуре и жанровых системах. Проанализированы мысли и взгляды ученых-исследователей молодежной поэзии. Показаны тематико-идейные поэтические поиски современной молодёжи.

Ключевые слова: молодежная поэзия, эпоха Независимости казахской литературы, новаторство, поэтическое «я», образность.

Материал поступил в редакцию журнала 24.03.2022

Thematic and ideological artistic searches in modern youth poetry

K.M. Ugylan¹, G.K. Kazhibaeva¹

The article explores poetic works written after gaining independence. The meanings of the poems created for various types of lyrics are revealed. The artistic features of traditions and customs that have developed over thousands of years, corresponding to the Kazakh concept of perceiving the surrounding world in poetic works are described. Decisive changes are identified in the poems. The changes concern the source, sequence, meaningfulness of the narrative thought; the tone of modern young poets, as well as the poets' ways, directions, structures, and genre systems. The thoughts and views of youth poetry researchers are analyzed. Thematic and ideological searches in the poetry of modern youth are shown.

Key words: youth poetry, era of independence of Kazakh literature, innovation, poetic "I", imagery.

Received: 24.03.2022